

ҚР Білім және ғылым министрі Б. Жұмағұловтың
ҚР Парламентіндегі Үкіметтік сағатта сөйлейген сөзі,
Астана, 2012 жылғы 18 маусым

Құрметті Төраға!
Құрметті депутаттар!

Сіздермен кездесіп отырғаныма өте қуаныштымын.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың негізгі нәтижелері және оның басым міндеттері туралы баяндауға рұқсат етіңіздер.

Баяндаманың толық тексі Сіздерге таратылған. Сондықтан ең негізгі мәселелерге тоқталып кетейін. Ең алдымен, осы Мемлекеттік бағдарлама, бұрынғы бағдарламаларға қарағанда **түбегейлі ерекше** екенін атап өткім келеді. Бағдарламаның негізгі міндеті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың **қазақстандықтарға білім берудің жаңа сапасына көшу** туралы тапсырмасын орындау.

Бұл – елдің әрі қарай дамуы, оның индустриалды-инновациялық және әлеуметтік жаңаруы, ұлттың бәсекеге қабілеттілігі үшін қажетті шарт. Осы мақсатқа қол жеткізе алмасақ, Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, «басқалардың шаңына да ілесе алмай қаламыз». Сондықтан, министрлік жұмысын Елбасы қойған міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін **болашақтың білім беру моделін құруға бағыттадық**. Осы орайда үнемі қолдау көрсеткендеріңіз үшін, Сіздерге алғыс білдіремін. Өткен кезеңде атқарылған жұмыстар аз емес.

Біріншіден, Мемлекеттік бағдарламаны институционалдық қамтамасыз ету жұмыстары негізінен орындалды. Білім саласындағы нормативтік - құқықтық база толығымен жаңартылды. 2011 жылдың өзінде **7 заң** қабылданды. Үкіметтің **70 қаулысы** қабылданып, кейбірі қаралуда.

Министрліктің 560 бұйрығы қабылданды, оның ішінде 41 бұйрық нормативтік құқықтық акті күшіне ие.

Мемлекеттік бағдарламаның 10 бағыты бойынша нақты **Жол карталары** әзірленді.

Бұрынғы жылдарға қарағанда **білім объектілерінің құрылысы саласында тәртіп орнатылды.**

Біз арнайы **Ведомствоаралық комиссия** құрдық. Селекторлық режимде бірнеше кеңестер өткізілді. Комиссияның тұрақты жұмысының арқасында орталық және жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілік деңгейі артты.

Екіншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде Президенттің «Балапан» бағдарламасы табысты орындалуда.

2 жыл ішінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту екі есеге өсіп, **65,4%**-ды құрады.

Жанбасына қаржыландыруды енгізу арқылы мемлекеттік-жеке әріптестіктің тиімді тетігі әзірленді.

Нәтижесінде жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың саны екі есеге артты.

Қазір олардың саны **499 бірлікті** құрайды. 2015 жылы мектепке дейінгі тәрбиемен балалардың **74%-ы**, ал 2020 жылы **100%-ы** қамтылатын болады.

Ел Президенті Қазақстандағы барлық балаларға бірдей мүмкіндік беру туралы мақсат қойды.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі оқытудың сапасын арттыру міндетін жүктеді.

Осы міндетті орындау үшін **«Мектепке дейінгі балалық шақ»** республикалық орталығы құрылды.

Үшіншіден, орта білім жүйесін жаңарту жұмыстарын жалғастырудамыз.

Мұндағы басты мақсат – **педагог имиджін және мәртебесін көтеру.**

Бұл жұмыс үш бағыт бойынша орындалуда.

Бірінші бағыт – мұғалімдерге лайықты еңбекақы төлеу. Бір жылдай уақыт болды, мұғалімдер категориясына сәйкес **жаңа үстемеақы** алуда.

2015 жылы педагогтердің орташа жалақысы жеке сектордағы жалақының деңгейіне жақындайды.

Яғни, қазіргі деңгеймен салыстырғанда екі-үш есеге артады.

Екінші бағыт – мұғалімдердің біліктілігін арттыру. Ол үшін педагогтер даярлайтын жоғары оқу орындарына талап барынша күшейтілді.

Қазірдің өзінде 89 жоғары оқу орнының 43-іне ғана педагогикалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлауға рұқсат бердік.

«Болашақ» бағдарламасы шеңберінде жаңа формациядағы педагогтер даярлау және олардың біліктілігін арттыру басталды. Биылдан бастап педагог мамандығына мемлекеттік грант көлемін көбейттік. Бұрын 300 мың теңге еді, қазір 450 мың теңге болды.

Мұғалімдердің **біліктілігін көтерудің жаңа жүйесі** әзірленіп, енгізілуде. Бұл үшін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жанынан **Педагогикалық шеберлік орталықтары, Педагогтердің біліктілігін арттыратын ұлттық орталық** құрылды.

Олар әлемдік тәжірибеге сай әзірленген жаңа бағдарламалар бойынша жұмыс істей бастады.

Бес жылда 120 мың мұғалім, яғни еліміздегі мұғалімдердің тең жартысына жуығы қайта даярлаудан өтетін болады.

Үшінші бағыт – білім беру қызметтерінің сапасына бақылау жасау. Біз орталықтан басқаратын білім сапасын бақылау вертикалін енгіздік. Бір жылдан аз уақыт ішінде тиісті аймақтық құрылымдар құрылды. Білім берудің ұлттық жүйесі әлемдік тәжірибеге сәйкес келтірілді.

«E-learning» электрондық жүйесі ойдағыдай дамып келеді. Былтырдан бері оған 44 ұйым қосылса, биыл 537 мектеп қосылатын болады. 2020 жылы мектептердің 90%-ы электрондық оқыту жүйесімен қамтылатын болады.

Осы жүйе мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. **Біріншіден – алыстағы аймақтардың өзі сапалы білімге қол жеткізеді. Екіншіден – қазақстандық, әлемдік білім беру ресурстарына жол ашылады.** Бұл – қазақстанның ауылдағы және қаладағы жастарына сапалы білім алуына жағдай жасайды.

Білім сапасын арттырып, әлемдік деңгейге жетудің тағы бір негізгі факторы – **12 жылдық оқытуға көшу.**

Бұл жерде біз білім берудің жаңа стандарттары мен бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды жаңадан әзірлеп, нақты жұмыс жасап жатырмыз.

Сонымен қатар, 12 жылдық оқытуға бейімделген мектептер құрылысының бірегей бағдарламасы дайындалды. Таяу жылдары (2011-2015 ж.) 521 жаңа мектепті салу жоспарлануда. Бұл – бұрын-соңды болмаған жоба.

Үш тілде оқытуды енгізу мәселесі өте маңызды. Бұл – Елбасының тікелей тапсырмасы.

Мемлекеттік тілді үйренуге басымдық беріледі. **Қазақ тілі** – ұлтымыздың рухы, рухани байлығы, оны білу – әр қазақстан азаматының борышы.

Елбасы **«2020 жылы барша мектеп бітірушілердің 100%-ы мемлекеттік тілді білуі тиіс»** деген міндет қойды. Білім беру жүйесінің мақсаты – осы міндетке қол жеткізуді қамтамасыз ету. Осы жолда Министрлікте нақты шаралар іске асуда.

Орыс тілі – «біздің ортақ байлығымыз, оны жоғалтуға болмайды». Сонымен қатар, инновацияға, ғылымға технология мен бизнеске жол ашатын **ағылшын тілін** оқып, үйренуіміз қажет. Қазірдің өзінде 33 мектепте 1-ші сыныптан бастап ағылшын тілі оқытылады. Келесі жылғы қыркүйектен бастап бұл тәжірибе барлық мектептерге енгізілетін болады. Кезең-кезеңмен кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту басталады.

Елбасының тапсырмасына сәйкес **Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспар әзірленді.**

Жоспарға қосымша білім беру ұйымдарын жаңарту бойынша кешенді шаралар енгізілді.

Жоспарды іске асыру оқушылардың алған білімдерін өмірде кездесетін жағдайларда тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Президенттің тапсырмасымен **6 Назарбаев Зияткерлік мектебі** құрылып, жұмыс істеуде.

2015 жылдың аяғына дейін осындай 15 мектеп салу жоспарлануда, оның 12-сі салынып жатыр.

Осылайша, алдағы үш жыл ішінде әлемдік стандарттар деңгейінде зияткерлік мектептер желісін құратын боламыз.

Орта білім сапасын арттыру үшін **жан басына қаржыландыру** жүйесі әзірленуде.

Бұл жаңалық бюджеттік шығыстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Пилоттық жобаға енгізілетін мектептер іріктелді. Барлық есептер жасалып, қаржыландыру әдістемесі әзірленді. 2-3 жылдан кейін осы жоба жаппай енгізілетін болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде түбегейлі реформалар басталды.

Кәсіптік-техникалық оқу орындары жаңа стандарттар негізінде индустриалдық-инновациялық сала үшін кадрлар даярлауды бастады. Кәсіптік-техникалық оқыту – жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестік арқылы жүзеге асатын болады.

Елбасының тапсырмасы бойынша **әлемдік деңгейдегі колледждер** құрылуда.

Техникалық және кәсіптік білімді басқарудың жаңа жүйесі жасалды. Оған Ұлттық кеңес және жұмыс берушілердің қатысуымен 16 аймақтық, 14 салалық кеңес енгізілді.

Мамандар даярлауға жұмыс берушілерді тарту мақсатында **«Кәсіпқор» Холдингі** құрылды.

Холдинг базасында бизнестің қатысуымен басқарудың корпоративтік формасы жаңа стандарттар, бағдарламаларды халықаралық аккредиттеу сынақтан өткізіледі. Кейін барлық техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарына таратылады.

Холдингтің басқаруына Атырау, Өскемен, Шымкент, Екібастұз қалаларындағы аймақтық орталықтар беріледі.

Техникалық-кәсіптік білім беру жүйесінің материалдық базасын жақсарту жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі кезде әлемдік тәжірибеге сәйкес **кәсіптік лицейлерді колледжге айналдыру** жүзеге асуда.

Бұл бірнеше біліктілік алуға мүмкіндік береді.

Білім алушылар стипендия алатын болады. Оқытушылардың жалақысы көбейеді. Мамандарды даярлау сапасы артады.

Елбасының тапсырмасы бойынша **«Самұрық-Қазына»** қорының базалық кәсіпорындары арқылы **дуальді білім беру** енгізілуде.

Жоғары білім беру жүйесінде әлемдік деңгейдегі Назарбаев Университеті құрылғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Ол – білім, ғылым және инновацияны біріктіруге бағытталған. Алдағы міндет – Назарбаев Университетінің тәжірибесін барлық жоғары білім беру жүйесіне тарату.

Біздің мақсатымыз – алдағы бес жылда Назарбаев Университетімен қатар, үш зерттеу университетін әлемдік деңгейге шығару. Бұл үшін заңды түрде «зерттеу университеті» деген ұғым енгізіліп, жоғары оқу орындарының алты сатылы классификациясы белгіленді.

Қазір елімізде **143** жоғары оқу орны бар. Ондағы студенттер саны – **629,5 мың** адам.

Егер әлемде орта есеппен 10 мың адамға 232 студенттен келсе, бізде 377 студенттен келеді.

Біз бұл көрсеткіш жағынан әлемдегі бірінші ондыққа кіреміз. Алайда, экономиканы қажетсіз кадрлармен толтыруға және жоғары білімнің сапасын төмендетуге жол бермеу керек.

Сондықтан, Елбасының тапсырмасына сәйкес **жоғары оқу орындарының желісін оңтайландыру** арқылы сапасыз білім беретін жоғары оқу орындарының қатарын азайтамыз. Біз бұл жұмысқа кезең-кезеңмен кірісіп те кеттік.

Жоғары оқу орындарын аккредиттеу жаңа форматта жүргізілуде.

Аккредиттеу агенттіктерінің ұлттық реестрі құрылды. Оның құрамына 6 агенттік, оның ішінде 2 қазақстандық және Еуропа мен АҚШ елдерінен 4 жетекші шетелдік агенттік кірді. Осылардың бәрі жоғары оқу орындарында беріліп жатқан білім сапасын оң бағалауға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар!

Қазақ бөлімдерінде оқитын студенттерді сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету қоғам тарапынан сынға ұшырауда. Осыған байланысты **үздік шетелдік оқулықтарды мемлекеттік тілге** аударып, басып шығару жұмыстары басталды.

Былырдан бастап мемлекет арнайы қаржы бөліп, жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілінде оқулықтар шығаруға мүмкіндік туғызды. Қазірдің өзінде 147 мыңнан астам кітаптар басылып шығарылды.

Келесі жылы он жоғары оқу орнында шет тілінде оқытатын арнайы топтар ашылады.

Олар – негізінен педагогикалық, жаратылыстану, техникалық мамандықтар бойынша.

Бұл – жоғары оқу орнында көптілді оқытудың нақты қадамы болады.

Тағы бір маңызды жаңалық – 2011 жылдан бастап мемлекеттің қаржылай қолдауымен **академиялық мобильдік** енгізілді. Академиялық мобильдік жетекші жоғары оқу орындарының 300 магистрантына Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және ТМД университеттеріне 1 семестрден және 1 жылға дейін оқуға мүмкіндік берді.

Болон процесі принциптері енгізілді. **«Бакалавр – магистр – философия докторы»** үш сатылы жүйесіне толығымен көштік.

Қазір елімізде бір ғылыми дәреже – PhD және **қауымдастырылған профессор (доцент), профессор** деген екі ғылыми атақ беріледі.

Білім сапасы мен мамандардың қажеттілігін арттыру үшін **жоғары оқу орны мен жұмыс берушінің, кәсіпорынның** арасында тиімді жүйе құруды бастадық.

Осы мақсатта жоғары оқу орнын бітірушілердің біліктілігін растайтын тәуелсіз жүйе құрылады.

Нәтижесінде білім беру қызметін көрсету және оларды бағалау процесі бөлінеді.

Пилоттық режимде, ең бастысы, болашақ педагогтер **біліктілігін растайтын тәуелсіз орталық** құрылып, жұмыс істейтін болады.

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін енгізудің әлеуметтік маңызы зор.

Ол ата-аналарға балаларының жоғары және кәсіптік білім алуына қаражат жинауға зор мүмкіндік береді.

Осы жүйені нормативті түрде қамтамасыз ететін заң жобасы Мәжілісте қаралауда.

Елбасының тапсырмасы бойынша 2011-2015 жылдарға арналған **«Студенттік баспана»** бағдарламасы әзірленді.

Бұл бағдарлама 2015 жылы жоғары оқу орындарының студенттерін жатақханамен қамтамасыз етуді **80%-ға** жеткізеді. 2011 жылы 2 жатақхана салынды.

5-уі күрделі жөндеуден өтті.

Осы жылы үш жатақхана пайдалануға беріледі. 9 жатақхананың құрылысы басталады. Бір жатақханаға реконструкция жасалады. **8** жоғары оқу орнының ғимараты мен 12 жатақханаға күрделі жөндеу жүргізіледі.

Сонымен қатар, Астана мен Алматы қаласында екі студенттік қалашық салу жоспарлануда.

Мұндай кең ауқымды құрылыс тәуелсіздік жылдарында бірінші рет жүргізіліп отыр.

Енді, **ғылым саласындағы жаңалықтарға тоқталып өтейін.**

«Ғылым туралы» Заңда бекітілген **ғылымды басқарудың жаңа моделі** енгізілді.

Жаңа заң ғылым саласына жүйелі өзгерістер енгізді.

Елбасының қолдауымен ғылымға бөлінетін қаржы көлемі соңғы екі жылда барынша өсуде.

Егер 2011 жылы **26,8** млрд. теңгені құраса, 2012 жылы **48** млрд. теңгеден асты. Яғни, өсім **80%-ды** құрап отыр.

Ғылым саласындағы маңызды мәселенің бірі – инновацияны дамыту болып табылады.

Біз бұл мәселеге ерекше көңіл бөлеміз. **Инновациялық жобалар каталогы** жасалды. Онда 200 әзірleme бар.

Инновациялық жобалар портфелін қалыптастыру мақсатында «Парасат» холдингі жанынан **Технологияларды коммерцияландыру орталығы** құрылды.

«Ғылым туралы» жаңа Заңға сәйкес **зерттеу институттары** құрылуда. Қазір инновациялық бағытта 10 университет жұмыс жасайды.

Елбасы биылғы Жолдауында Назарбаев Университеті айналасында **инновациялық-интеллектуалдық кластер құру** туралы жаңа идея ұсынды. Біз бұл бағытта жұмыс жасап жатырмыз.

Құрметті депутаттар!

Елбасының тапсырмасына сәйкес **жастармен жұмыс істеу** түбегейлі өзгеруде.

Осыған байланысты Министрлікте **Жастар саясаты комитеті** және **жастар ісі жөніндегі аймақтық басқармалар** құрылуда.

Жастар саясаты туралы кейбір заңнамаларға өзгерістер енгізу туралы заң жобасы Сіздердің қарауларыңызда жатыр.

Мәжілістің Әлеуметтік - мәдени даму комитеті заң жобасын талқылау барысында үлкен жұмыстар жүргізді. Бірқатар конференциялар, кездесулер және дөңгелек үстелдер өтті.

Нәтижесінде заң жобасына көптеген құнды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы сәтті пайдалана отырып, аталған заң жобасына белсенді қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс білдіремін.

Білім алушы жастарды тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы әзірленді. Онда басты рөл «**Жас Ұлан**» ұйымына беріледі. Тағы бір маңызды жаңалық – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ базасында «**Жастар**» ғылыми-зерттеу орталығын ашуға байланысты дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Орталық әлемдік тәжірибені зерттеп, жастар арасындағы ағымдарға мониторинг жасайды. Мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша әлеуметтік зерттеу жұмысын жүргізіп, ұсыныстар енгізетін болады. Сонымен қатар, жастармен тәрбие жұмысын жетілдіру барысында **қоғам тарапынан жүйелі қолдау қажет екенін** өте жақсы түсінеміз. Сондықтан, **білім сапасына қоғамдық бақылауды кеңейтеміз. Корпоративтік басқару** элементтерін енгізе бастадық. Төрт жоғары оқу орнында **Байқау кеңестері** жұмыс жасай бастады. Бұл – жетекші жоғары оқу орындарына дербестік берудегі алғашқы қадам.

Сонымен қатар, **Қоғамдық кеңес** құрылуда. Оның құрамында бірқатар депутаттар, әртүрлі саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, танымал ғалымдар мен қоғам қайраткерлері болады. Бұл кеңес арқылы қоғам білім жүйесіндегі өзгерістерден хабардар болады.

Сонымен қатар оған өз үлестерін қосуға мүмкіндік алады.
Құрметті депутаттар!

Білім беру құрылымы, мазмұны жаңаруда. Озық әлемдік технологиялар енгізілуде.

Ауқымды жүйелі жұмыстар жасалуда.

Елбасының үнемі қамқорлығы мен Сіздердің қолдауларыңыз арқылы ғана білім саласында осындай нәтижелерге қол жеткізілді. Білім саласындағы көптеген мәселелерді шешуге депутаттық корпусының көмегі аз болған жоқ.

Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында үш жылда **білімді қаржыландыру 34,5%-ға өсіп, 1,3 трлн.** теңгені құрап отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев білім мен ғылымды жаңарту бойынша ауқымды міндеттер қойды.

Осы міндетті орындау үшін, өз мақсаттарымызды жақсы білеміз. Алдағы уақытта да халқымыздың игілігі жолында өздеріңізбен бірлесіп жұмыс жасайтынымызға кәміл сенемін.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!